

# Ойлан тап



10

10

20

20

30

30

40

40



# Мұқағалидің поэмаларын ата.



■ “Ильич”, “Ақ қайың әні”, “Ару-ана”,  
“Мавр”, “Аққулар ұйықтағанда”,  
“Қырандастар, қош болыңдар”, “Чили-  
шуағым менің”, “Шекарада”,  
“Большевиктер”, “Өмірдастан”, “Арман”,  
“Шолпан”, “Досыма хат”, “Алтай-Атырау”,  
“Отаным, саған айтам”, “Райымбек!  
Райымбек!”, “Қашқын”, “Жер үстінен  
репортаж”, “Моцарт. Жан азасы”



**Қазіргі таңда ақынның  
қандай өлеңдері эстрада  
жұлдыздарының  
орындалуымен шырқалып  
жүр?**



■ «Мұзарт» тобы «Көзін сенің»,  
«Бала ғашық», «Нұрмұқасан»  
тобы «Бақытынды  
жырлайды»

«Саржайлау», «Сөнбейді,  
әже, шырағын», «Кел, еркем,  
Алатауына» өлеңдеріне сазгер  
Н.Тілендиев ән шығарған.



Ақынның тұңғыш өлеңдері  
“Қырман басында”, “Қойшы  
бала — Әкітай” қай газетте  
жарияланды?





■ **“Советтік шекара” газетінде жарияланды**





# М.Мақатаевтің аудармалары.



- Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқағали Дантениң “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” деген бөлімін (1971 ж.), Шекспирдің “Сонеттерін” (1970 ж.), Уолт Уитменнің өлеңдерін (1969 ж.) қазақ тіліне аударды.



Көрер едің,  
Шаламын ба, отпын ба,  
Білер едің,  
Ақынмын ба, жоқпын ба?..  
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,  
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.  
Түсінер ең,  
Езбін бе, әлде ермін бе,  
Байқар едің,  
Артықпын ба, кеммін бе?..  
Мен Спартак бола алмадым, не шара,  
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?!....

үзінді қай өлеңнен алынған?




# ■ “Автограф” өлеңі



Жеті қат жерің мына төңкерілген,  
Жеті қат аспанменен көмкерілген.  
Адамзат оның бәрін ерте білген,  
Ертегіде табысқан ертеңімен,  
Ғаламаттар туылған ертегіден.  
Ғаламаттар жасалған ертегіден,  
Ертегілер қиялын ерте жүрген.  
Ғаламдық ақиқатты бұл адамзат,  
Галилей, Коперниктен ерте білген.  
Үзінді ақынның қай өлеңінен алынған?




# ■ “Фантазия” өлеңі





Суретте кім бейнеленген?



# **Ақынның анасы – Нағиман Батанқызы**







Суреттегі адамдардың ақынға қандай қатысы бар?



**Ақынның жары - Лашын,  
қызы - Алмагүл, ұлы - Айбар**

